

Т. Омарбеков
Х. Б. Хабижанова
М. С. Ноғайбаева

**ЕЖЕЛГІ КАЗАКСТАН ТАРИХЫ
ПӘНІ БОЙЫНША
СЕМИНАР САБАКТАРЫНА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСКАУ**

ӘОЖ 94(574)(075.8)

О-58

*Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультеті Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№1 хаттама 2 қараша 2016 жыл)*

«Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу» бойынша республикалық ғылыми орталықтың ғылыми-қолданбалы бағдарламасы барысында дайындалған

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **М.Е. Елеуов**
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **Ә.Қ. Шапшаев**

Омарбеков Т.

О-58 Ежелгі Қазақстан тарихы пәні бойынша семинар сабақтарына арналған оқу-әдіст. нұсқау / Т. Омарбеков, Г.Б. Хабижанова, М.С. Ноғайбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 100 б.

ISBN 978-601-04-2486-9

Ежелгі Қазақстан тарихы пәні бойынша құрылған негізгі оқу жоспарына сәйкес семинар сабақтарына арналған оқу-әдістемелік нұсқауда студенттерге жалпы семинар сабақтарына қойылатын дайындық талаптары мен жеке тақырыптар бойынша нақты әдістемелік нұсқаулар берілген. Нұсқауда В5020300-тарих мамандығы бойынша білім алатын студенттерге барлығы 15 тақырып бойынша семинар сабақтарының әзірлемесі ұсынылған.

Әдістемелік нұсқау тарих мамандығы бойынша білім алатын студенттерге, оқытушыларға арналған.

ӘОЖ 94(574)(075.8)

ISBN 978-601-04-2486-9

© Омарбеков Т., Хабижанова Г.Б., Ноғайбаева М.С., 2016
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

КІРІСПЕ

Семинар (лат. *seminarium* – көшет) – жетекшінің тапсырмасы бойынша жекелеген сұрақтар, проблемаларды баяндама немесе бірігіп талқылау түрінде студенттердің өз бетінше зерделеуіне негізделген, оқу үдерісінің нысаны. Тәжірибелік сабақтарға карағанда семинар теориялық сипатқа ие және белгілі бір пәнге терең бағытталған. Семинар сабақтары оқушыларды оқу танымдық қызмет барысында дербестік танытуға бағыттай отырып, білімді нығайтуға көмектеседі. Семинар барысында деректермен, қосымша әдебиеттермен, құжаттармен жұмыс нәтижесінде алынған білім жүйеленеді, тереңдетіледі, қадағаланады. Семинар сабақтарының басты мақсаты – студенттерді зерттелетін салалардың ерекшелігіне қарай, теориялық білімді пайдалану дағдылары мен машықтарына ие болу мүмкіндігімен қамтамасыз ету.

Семинарлық сабақтар тарих мамандығы бойынша оқып жатқан студенттердің оқу нысанының бір түрі болып танылады. Семинар сабақтары – оқу үдерісінің қажетті элементі. Семинар сабақтарының мақсаты – дәрістен алған білімді тереңдету, ұлғайту, кәсіби маңызды білім мен машықты қалыптастыру.

Семинарлық сабақтар студенттерге пән бойынша ғылыми терминдер мен түсініктерді меңгеруге, сөйлеу мәдениетін және кәсіби ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Студенттер семинар сабақтары барысында пәннің негізгі мазмұнын терең игеру, тарихи фактілер мен материалдарды қолдана білу, тарихи деректер мен арнайы зерттеулерге талдау жасай алу дағдысын қалыптастырып, өзінің даралығын, ойлау дербестігін, өз пікірін аяғына дейін жеткізу, негіздей білу қабілетіне ие болады.

Семинар сабақтардың құрылымы келесі элементтерді қамтиды: ұйымдастырушылық кезең (оқытушы студенттермен сәлемдесіп, журналда сабаққа келмеген студенттерді белгілейді, студенттердің сабаққа дайындығын анықтап, сабақтың тақырыбы мен жоспарын жариялайды); материал бойынша студенттердің сұраққа жауабын тыңдайды; негізгі бөлім (теориялық сұрақтар мен қойылған сұрақтарды талдау); сабақты қорытындылау (оқытушы бүкіл топтың жұмысын бағалап, бағаларды жариялап, түсіндіреді, нақты студенттердің жауаптарындағы